"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1165 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 566 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 1146 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 01.01.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1165 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Қызметінің негізгі түрлерінің бірі босатылатын әскери-техникалық құралдарды, оның ішінде құрамында радиоактивті компоненттер бар оқ-дәрілерді жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу болып табылатын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 1993 жылғы 13 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және жаппай қырып-жоятын қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес:

1) ядролық зерттеу реакторларын конверсиялау жөніндегі жұмыстар шеңберінде заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік сараптамалардан өткен жобалау-сметалық құжаттамада көзделген көлемде және мөлшерде объектілердің элементтері мен жүйелерін:

атқарушы, өлшеу және логикалық кіші жүйелерді жаңғыртуды қоса алғанда, реакторларды автоматты басқару және қорғау жүйелерін;

реакторларды салқындату, эксперименттік құрылғыларды салқындату жүйелерін, параметрлерді технологиялық бақылау жүйелерін;

реакторлық кешендердің радиациялық қауіпсіздік және дозиметрлік бақылау жүйелерін;

реакторлық кешендердің көлік-технологиялық жүйелерін және жүк көтергіш жабдығын;

реакторлық кешендердің радиоактивті қалдықтар қоймасының, радиациялық-қорғау камерасының, аралық қоймаларының құрылысын жобалау, салу, реконструкциялау, жаңғырту үшін;

2) ядролық зерттеу реакторларының жоғары байытылған ядролық отынын шығарылған еліне қайтару, қайта өңдеу және кәдеге жарату міндеттерін іске асыру үшін сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК